

**КОГНИТИВТІ АСПЕКТИДЕГІ ТІЛДІ ҮЙРЕНУ-МӘДЕНИАРАЛЫҚ
ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫҢ НЕГІЗІ
ИЗУЧЕНИЕ ЯЗЫКА В КОГНИТИВНОМ АСПЕКТЕ –
ОСНОВА МЕЖКУЛЬТУРНОЙ КОММУНИКАЦИИ
LANGUAGE LEARNING IN COGNITIVE ASPECT –
BASIS OF INTERCULTURAL COMMUNICATION**

ӘОЖ 373.1.2:372.8

Донбаева А.Б.,* Рысбаева М.К., Мухаммад Раджаб
филология ғ.к, доцент, М. Әуезов атындағы ОҚУ. Шымкент, Қазақстан
оқытушы, М. Әуезов атындағы ОҚУ. Шымкент, Қазақстан
PhD доктор, Аль-Азхар университеті. Каир, ЕАР

**КОНТРАСТИВТЕРДІҢ МӘДЕНИАРАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАҒЫ
ҚОЛДАНЫСЫ (ҚАЗАҚ, ОРЫС, АҒЫЛШЫН ЖӘНЕ АРАБ ТІЛДЕРІ
КОНТРАСТИВТЕРІНІҢ ТІЛАРАЛЫҚ БАЛАМАЛЫҒЫ НЕГІЗІНДЕ)**

Автор корреспондент: ainura_donbaeva@mail.ru

Түйін: Еліміз Тәуелсіздік алғалы мемлекеттік тіліміздің мәртебесін арттыруда игі қадамдар жасалды. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы да рухани құндылықтарымызды түгендеуге, ғылыми тұрғыдан зерттеуге байланысты ауқымды жұмыстармен жалғасын тауып отыр. Бұл орайда қазақ тілі де рухани жаңғырудың өзегі ретінде қарастырылып, оның аясындағы құндылықтарға ерекше назар аударылуда. Егеменді еліміздің мәдениаралық қарым-қатынаста дамуы сөйлеу тілін (мәтіндерін) тілдік тұрғыдан қолданбалы лингвистика бағытында зерттеуді қажет ететіндігінен туындайды. Ең бастысы – контрастивтердің мәдениаралық қарым-қатынастағы қолданысы, тілдегі көріністері мәселесі бойынша, соның ішінде, қазақ, орыс, ағылшын және араб тілдері салғастырмалы тіл білімінде арнайы зерттеулер жүргізіліп келеді. Бірқатар лексикалық, грамматикалық бірліктер мен стилистикалық тәсілдерді, экстралингвистикалық факторларды ұтымды қолдану арқылы іске асады. Мақалада көркемдік-бейнелеуші тілдік құралдар үш деңгейде қарастырылады: фонетикалық, лексикалық және синтаксистік.

Кілттік сөздер: рухани жаңғыру, контрастивтер, мәдениаралық қарым-қатынас, қазақ, орыс, ағылшын, араб тілдері

Кіріспе. Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы да рухани құндылықтарымызды түгендеуге, ғылыми тұрғыдан зерттеуге байланысты ауқымды жұмыстармен жалғасын тауып отыр. Бұл орайда қазақ тілі де рухани жаңғырудың өзегі ретінде қарастырылып, оның аясындағы құндылықтарға ерекше назар аударылуда. Елбасы «Біз жаңғыру жолында бабалардан мирас болып, қанымызға сіңген, бүгінде тамырымызда бүлкілдеп жатқан ізгі қасиеттерді қайта түлетуіміз керек» деген өз мақаласында [1], «Рухани жаңғыру» дегеніміз – кез-келген адамның жан-жақты дамуы. Санамызды өзгерту, табиғи ресурстарымызды дұрыстап пайдалану, бабадан қалған жеріміздің құндылықтарын алдымен өзімізге тану, білу, тұлға ретінде өсуіміз бен дамуымызды тоқтатпау деген ұғыммен пара-пар. Бұл тұрғыда «үш тілді меңгеру» бағытын ұстанып, мәдениаралық қатысым, сондай-ақ, ең алдымен нақты сөйлеу тәртібіндегі, шынайы тұлғааралық қарым-қатынастағы ұлттық-мәдени, әлеуметтік көріністі бейнелеуді мақсат етіп қояды. Мәдениаралық қарым-қатынастың табысты жүзеге асуы серіктес қолданған тілдік бейне бейвербалды амалдарды ғана емес, сөйлеу тәртібін, қатысымдық модельдерді, сөйлеу формулаларын дұрыс түсінуге көбірек байланысты. Тіл білімі дамуының қазіргі кезеңінде лингвистикалық проблемалардың өзегінде түрлі ұлттық мәдениет өкілдерінің қатысымдық үдерістерін зерттеу мәселесі тұр. Бұл қатысым, әрине, тілде айқын көрініс табады. Тіл адамзаттың ұжымдық тәжірибесінің қоймасы болып табылады. Бұл тәжірибе сөз мағыналарында және адамдардың қандай да бір мәдениетке жататындығын анықтайтын тұрақты мінез-құлық нормалары арқылы танылады. Ал сол

ұжымдық даналықты ұрпақтан ұрпаққа жеткізуде адамдар үшін аса маңызды идеяларды қысқа, нұсқа жеткізетін тілдік бірліктер үлкен рөл атқарады.

Оппозициялық семантикаға құрылған қарама-қайшылықты барлық жағынан жеткізе алатын тіліндегі қарама-қарсы бірліктерді номинациялау дәстүрін жалғастыра алатын контрастивтер термині гипероним термин (араб тілінде- әл-аддад) ретінде ұсынылды. Тілдік парадигмадағы құрылымдық ұйымдасуы және таңбалық тұрғыдан берілуінде өзіндік ерекшеліктерге ие антонимдер мен энантионимдердің феномендік белгілерін анықтау нәтижесінде араб тіліндегі антонимдерді әт-тәкабул әд-дәләли, ал энантионимдерді әл-аддад деп атау қажеттілігі дәлелденді. Қазақ, ағылшын және араб тілдерінің контрастивтерін топтастыру барысында салғастырылатын тілдердің антонимдері оппозиция әдісі арқылы талданып, олар градуалды, привативті және эквиполентті түрлерге жіктелді. Ағылшын және араб варианттары мен диалектілерінің аймақтық тұрғыдан кең таралуына және экстралингвистикалық факторлардың әсеріне байланысты қазақ тіліне қарағанда, энантионимдердің көлемі әлдеқайда артық. Үш тілде де эмоционалды-бағалаушытық энантионимдер номинативті энантионимдерге қарағанда өнімділік сипатымен айрықшаланады.

Қазақ, ағылшын және араб тілдеріндегі узуалды антонимдер градуалды, привативті және эквиполентті антонимдерге ажыратылып топтастырылды. Бұл жүйелеудің негізі универсалды болғандықтан, қазақ, ағылшын және араб тілдеріне ортақ. «Градуалды антонимдер белгілі бір қасиеттің, сапаның ең соңғы шегіне дейінгі дәрежесін білдіреді. Олардың арасында аралық мағыналарды білдіретін бір немесе бірнеше компонент болуы мүмкін. Бұл аралық мүше қасиет-сапаның өлшемдік шкаласының дәл ортасында орналасып, сапа белгісінің қарама-қарсы полюстерінің аралығындағы қалыпты жағдайды білдіреді» - (мұздай - суық - салқын - жылы - ыстық). Мысалы, Үйдің жылы-суығын қыс түскенде білесің,

Ағайынның алыс-жақынын іс түскенде білерсің.

Best late than never- Ештен кеш жақсы

Ma fish jadid bilә qadim (Ескісі жоқтың жаңасы болмас).

Теориялық талдау. Талданған материалдар нәтижесі қазақ, ағылшын және араб тілдерінде градуалды антонимдердің өнімділігін көрсетті. Бұл түрге жататын антонимдердің тілдегі сандық көрсеткіштерінің арасалмағы бірдей (795 - қазақ тілінде, 790 – ағылшын, 785 -араб тілінде) және олар салғастырылатын тілдердегі антонимдердің негізгі бөлігін құрайды. Мысалы, үлкен-кіші, ыстық-суық, алыс-жақын, жақсы - жаман, азаю-көбею, арзан-кымбат, бай-кедей т.б., go-stop, good-bad, pelf-evil, тауил-қасир (ұзын-қысқа), сақилун-суубун (жеңілдеу-ауырлау) және т.б.

Привативті антонимдер градуалды антонимдердің компоненттері сияқты бірін-бірі жоққа шығаратын нышандарға ие, бірақ олардың арасында аралық элемент болуы мүмкін емес. Привативті антонимдердің элементтері білдіретін сипаттың екі ұғымның көлемі бірдей болып немесе біріге келіп, осы тектік ұғымның бүкіл көлемін қамтиды; бұл қатарға әр түбірлі (бойдақ-үйленген, әйел-еркек, өз-өзге, өлі-тірі, women-men, wife-husband, сақит-қайл (үндемейтін-сөйлейтін), сахих-қата (дұрыс-қате) және түбірлес (абыройлы-абыройсыз, мәлім-беймәлім, сабырлы-сабырсыз, pleasant- unpleasant, sanitary- unsanitary, well-unwell, timely-untimely, сахих- ғаир сахих (дұрыс-дұрыс емес), мааруф-ғайр маруф (белгілі-белгісіз) лексемалар енеді.

Антонимдерді топтастыруда қарама-қарсы мағыналы аффикстері бар сөздерді привативті антонимдердің қатарына қосуға бола ма деген сұрақ туындауы мүмкін. Алайда, тілдік жүйе мұндай көзқарасқа сыймауы ықтимал. Мәселен, білімді-білімсіз, әлді-әлсіз жұптарында теріс мағынадағы аффикстің болуы оларды привативті антонимдер түріне жатқызуға мүмкіндік бермейді, себебі, осы сөздермен белгіленіп отырған ұғымдардың арасында аралық мүше бар: білімді - білімі шамалы - білімсіз, әлді - әлі аз - әлсіз; small-smaller-very small, big-biger-very big, ақилун- қаллилу ақли-қамқа.

Аталған жұптар арасында мүше болуы мүмкін емес антонимдерден

сапалық сипат та ерекшеленеді: жүйелі-жүйесіз, қауіпті-қауіпсіз, мәдени-ун-бидун pleasant-unpleasant, sanitary-unsanitary, well-unwell, timely-untimely, мәдени-ун (әдепті-әдепсіз), маруф-ғейру маруф (таныс-бейтаныс).

Зерттеу жұмысында қазақ, ағылшын және араб тілдеріндегі привативті антонимдер ауқымды тілдік деректер арқылы талданды. Олар жиілігі жағынан градуалдылардан кейінгі орында тұрады (310 - қазақ тілінде, ағылшын тілінде- 300, 345 - араб тілінде), араб тіліндегі привативтер негізінен осы тілдің құрылымдық-типологиялық ерекшеліктерімен байланысты болып келеді. Қазақ тілінің префиксалды привативтері арасында араб тілінен енген сездер басым белігін құрайды. Расми-ун-ғайру расми-ун (ресми-бейресми) т.б. Эквиполентті антонимдердің арасында қолданыстық машық арқылы қалыптасқан ассоциативті қарама-қарсылық орын алады.

Мұндай қарама-қарсы қоюшылық тілді қолданушының санасында кос компонент сияқты орын алады. Мысалы, Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, Төртеу түгел болса, төбедегі келеді.

Эквиполентті антонимдер құрамына іс-әрекеттің, белгілі бір күйдің қарама-қарсылығын білдіретін лексемалар: түсу-міну, көтерілу-құлау, сату-сатып алу, to go- to stop, to take- to put, to sit down- to get up, катаба-масаха (жазу-өшіру), саада-асафа (қуану-ренжу), нама-истайхаза (ұйықтау-ояну), лексикалық конверсивтер: жеңу-жеңілу, үйрену-үйрету, дараса-дарраса (оқу-оқыту), қайдун-мақуудун (басқарушы-басқарылушы), жыныстық, туыстық нышандары: ұл-қыз, ата-ана, mother-father, son-daughter, әббун-уммун (әке-шеше), ибнун-бинтун (ер бала-қыз бала), тәулік уақыты: таңертең-кешке, day-night, иаумун-ләйлун (күндіз-түн), әлеуметтік қатынастары: патша-азамат, king-slave, раббун-абдун (қожайын-құл) т.б. бойынша компоненттері қарама-қарсы қойылған, бір-бірінен мағыналық жағынан өзара байламды жұптар енеді. Эквиполентті антонимдер жиілік тұрғысынан алғанда ең өнімсіз қатарды құрайды (45 - қазақ тілінде, ағылшын тілінде-55, 70 - араб тілінде).

Тілдік құрылымда антоним болмайтын сөздер мәтінде қарама-қарсы қойылып, стилистикалық антонимдер деп танылады. Қазақ тіл білімінде контекстуалды антонимдердің маңызы туралы мәселе А.Қ. Жұмабекованың еңбегінде жүйеленген. Араб тіл білімінде контекстуалды антонимдер С.Ж. Әбу Хадыр және Ф.А. әл-Қарьян сияқты ғалымдардың еңбектерінде қарастырылған.

Контекстуалды антонимдер әр алуан тілдік және тілден тыс себептерге байланысты контексте бір-біріне қарама-қарсы қойылады. Мұндай антонимдер сөйлеу барысында контекстуалды мағынаға ие бола отырып, бір рет қана қолданылады. Олардың өзара қарама-қарсылығын жасайтын құрылымдардың және формальды құралдары міндетті түрде болуы қажет. Осыған байланысты олар контекстен тыс екінші рет қолданылмайды: Мысалы, Үй иесі мейірілі отырса, қонақ көңілді отырады. Өзге елде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол. Балалы үй базар, баласыз үй қу мазар.

Тәжірибелік бөлім. Қазақ, ағылшын және араб тілдеріндегі энантионимдер таралуына қарай жалпы тілдік және диалектілік, ал функционалдық ерекшеліктеріне қарай номинативтік және эмоционалды-бағалаушылық энантионимдер деп бөліп топтастырылады.

Қазақ әдеби тілінде энантионимдердің көлемі басым болғанымен, диалектілік энантионимдердің де өзіндік орны бар екенін айта кету керек, біз жинақтаған диалектілік энантионимдердің сандық көрсеткіші 60-қа жуық.

Мәселен, әжептәуір сөзі диалектілерге тәп-тәуір, жап-жақсы, кәдімгідей және нашар, келіссіз, жағымсыз деген энантиосемиялық мағыналарда жұмсалады. Өзі ауданда істейді екен. Әжептәуір қызметкер дейді. Демалыс алып, осындағы нағашысының үйіне қонаққа келіпті (Т. Ахтанов, «Дала сыры»). Оның әйелі әжептәуір кісі екен, жекіп тастады (КТАС, 97).

Сондай-ақ, қазақ тіліндегі диалектілік энантионимдерден «қыз бала» және «ер бала, жігіт» мағыналарында жұмсалатын балдыз сөзі, «ұнамсыз, жағымсыз» және «жақсы,

тамаша» деген мағыналарды аңғартатын ерсі сөзі, «эйел» және «ер адамдар, бір топ адамдар» деген мағынада жұмсалатын жамаат сөзі (ҚТАС, 131), бас және адам денесінің бастан басқа бөлігі деген мағыналардағы келде сөзі (ҚТАС, 311), сондай-ақ, көке, тәте т.б. сөздерді атауға болады.

Ағылшын тіліндегі энантионимдердің болуының негізгі себептерінің бірі – ағылшын тілінің варианттылығының көптігімен түсіндіріледі. Ағылшын тіліндегі энантионимдердің сандық көрсеткіші 70-ге жуық сөзді құрайды. Мысалы, double bed сөзінің екі адамдық төсек, ерлі зайыптылар жатын орны және екі бөлек төсек, ажырасқан, екіге бөлінген төсек деген энантиосемиялық мағыналары варианттар арқылы қалыптасқан. Айталық, Американдық вариантта double bed ажырасқан, екіге бөлінген екі төсек деген мағына білдірсе, Англия вариантында адамдық төсек, ерлі зайыптылар жатын орны деген мағына береді.

Араб тіліндегі энантионимдердің көлемі басым болуының негізгі себептерінің бірі - араб диалектілерінің көптігімен түсіндіріледі. Араб тіліндегі диалектілік энантионимдердің сандық көрсеткіші 200-ге жуық сөзді құрайды, олар жұмыста деректік материалдар негізінде кеңінен талданды. Мысалы, сәмид- сөзінің көңіл көтеруші, ойын-сауық құрушы, ойнаушы және қайғылы деген энантиосемиялық мағыналары диалектілер арқылы қалыптасқан. Айталық, Йемен диалектінде сәмид- көңіл көтеруші, ойын-сауық жасаушы деген мағына білдірсе, Тунис диалектінде қайғылы деген мағына береді. Мұндай энантионимдер қатарын (түннің) келуі және кетуі деген энантиосемиялық мағынадағы ас'аса, өгей қыз және өгей шеше секілді қарама-қарсы мағыналы рабибатун, шөлдеген және тойған мағыналарды аңғартатын эн-наыш, қараңғы және жарық деген мағыналы эс-судфә-сияқты т.б. сөздер мен толықтыруға болады.

Энантионимдерді жіктеудегі маңызды критерийлерінің бірі - олардың мағыналық ерекшелігін есепке алу болып табылады. Бұл критерийге сәйкес номинативтік және эмоционалды-бағалауыштық энантионимдер болып бөлінеді.

Номинативтік энантионимдер контрарлы, комплементарлы қарама-қарсылықты, сонымен қатар іс-әрекеттің, белгінің және қасиеттің қарама-қарсылық бағытын білдіреді. Мағынаның контрарлы қарама-қарсылықты білдіретін лексикалық бірлігі өнімдірек топ болып табылады. Номинативтік энантионимдер сөз мағынасының дамуы нәтижесінде пайда болады да, ол көбінесе етістіктерге тән болады.

Номинативтік энантионимдердің семантикалық компоненттерін: 1) пайда болу-жоғалу; 2) қосылу-бөліну; 3) тазалау, сырлау, әрлеу-бүлдіру, былғау; 4) әкелу-әкету; 5) айыру-қосу, 6) бір орында болу-ол орыннан алысқа ұзап кету.

Қазақ, ағылшын және араб тілдеріндегі номинативтік антионимдерден мыналарды атап өтуге болады:

Айталық, бояу етістігі «заттың түсін келтіру, жаңа өң беру» және «бүркемелеу, көлегейлеу, жасыру» деген мағыналарды береді. Күйдірген кірпіштің бірін қызылға, бірін жасылға, бірін сарыға бояп салдырған екі қатарлы үй тұр (С. Шәріпов). Расы жоқ сөзінің, Ырысы жоқ өзінің, Өнкей жалған мақтанмен, Шынның бетін бояйды (Абай).

Езгі сөзі де «бодандық, құлдық» және «бостандық, еркіндік» деген энантиосемиялық мағыналарға ие. Бір қуанарлық жай: езгі тіршілік ескі жұртынан алда-жұлда қол үзіп, жаңа тұрмысқа біржола қоныс аударып жатқандар аз емес (Ө. Қанахин). Уа, достым, арманымның қиял құсы, Жаныма жақынырақ келіп қоншы. Көп көрген, көп жасаған шежіре едің, Ежелден еркін ойдың езгі досы! (Қ. Аманжолов).

Ағылшын тілінде сөздерінің қарама-қарсы мағынасы төмендегі мысалдан анық байқалады: sanitary –таза, залалсыз, unsanitary-лас, залалды, safe сөзі «қауіпсіз, қатерсіз» деген мағыналарда қолданылса, екіншісінде unsafe «қауіпті, қатерлі» деген мағыналарды береді.

Сондай-ақ, well-unwell сөзі «сау, ойдағыдай, аман» және «дені сау емес, қиын жағдайда» деген энантиосемиялық мағыналарда жұмсалады.

Ал араб тілінде әл-жәләл сөзінің қарама-қарсы мағынасы төмендегі деректерден анық

байқалады. {Өлімнен басқа барлық зат жеңіл-аударма), {Егер кешірімділік жасасам, тек үлкен нәрсені кешірем-аударма). Бұл мысалдардың алғашқысында әл-жәләл- сөзі «жеңіл, оңай, кішкентай» деген мағыналарда қолданылса, екіншісінде «үлкен, қиын, ауыр» деген мағыналарды береді. Сондай-ақ, ратба-сөзі «қалау» және «қаламау» деген энантиосемиялық мағыналарда жұмсалады.

Мұндағы рағиба- сөзі «қалайсындар» және «қаламайсындар» деген екі мағынада түсіндіріледі. Осы тәрізді энантионимдерге «апару» және «әкелу, келтіру» деген мағыналардағы сарафа- етістігі, «келу» және «кету» деген мағыналарды білдіретін талаға-сөзі, күдіктену және күдіксіз, анық сену деген қарама-қарсы мағыналарда қатар кездесетін занна- етістігі т.б. жатады. Қолданыста эмоционалды-бағалауыштық энантионимдердің бағалауыштық не эмоционалды компоненттері өзара қарама-қарсы қойылады. Сөздерді қалыптан не стандарттан тыс қолданудың нәтижесінде мағынаның эмоционалды-бағалауыштық реңдерінің мәні артады.

Қазақ тіліндегі әдемі сөзінің келесі деректерде эмоционалды-бағалау нәтижесінде қарама-қарсы мағыналарда қолданылғаны байқалады: Көрші бөлмеге келген әдемі қыз туралы әңгіме таусылар емес (ЕҚ). Айбаланың әдемі мінезі Аскарды шошытты (СМ.).

Сондай-ақ, философ сөзі де «данышпан, білгір, ақылгөй, данагөй, ойшыл» және «ақылсыз, білімсіз» деген энантиосемиялық мағыналарда қолданылады. Өз заманында философ болған Шәкәрімді қазір де солай атау ләзім! (А.С.). Ол да соңғы кезде ойына келгенді сөйлеп, философ болып жүр (А.М.). Бұл мысалдардың алғашқысында философ сөзі «данышпан, білгір, ойшыл» деген мағыналарында қолданылса, екіншісінде сынау мәнінде «білімсіз, дүмше» деген мағыналарда жұмсалған.

Ақылды сөзінің энантионимдер қатарына жатқызылуы да эмоционалды баға беру жолымен түсіндіріледі. Сағат сана-сезімі, ой-өрісі кең, ақылды жігіттердің санатына жататын (А.Х.). Әй, аңылдым, өрекіме демеп пе ем, көк шуылдақ! Қыскарт енді! (М.Ә.) Бұл сөйлемдерде ақылды сөзі «ақылды» және «ақымақ» деген қарама-қарсы мағыналарда келтірілген.

Қазақ тіліндегі жаман деген сөздің энантиосемиялық мағынасы бар. Жаман болса жолдасың астыңнан өткен сызбен тең (Ақтамберді) Мұнда жаман сөзі тура мағынасында қолданылса, келесі деректе энантиосемиялық мағынасын көре аламыз:

Менде де бар бір жаман, не қылайын қазақтың жүйрігі мен жорғасын («Айман-Шолпан» жырынан).

Эмоционалды-бағалауыштық энантионимдер ағылшын тілінде де өте көп кездеседі. read «оқылған» және unread «оқылмаған» дегенді білдіреді.

Wise сөзінің негізгі мағынасы «ақылды, данагөй, білгір» дегенді білдіреді. Ал мәтін ішінде езге мағынаға ие болуы мүмкін unwise немесе wise «ақымақ, топас, надан». Бұл мысалдағы «wise» сөзі энантиосемиялық мағынада қолданылған. Себебі, тек жақсы, жағымды кейіптегі адамға байланысты анайы түрде, ал надан немесе қараңғы көзқарастағы адамға тұрпайы тұлғасында қолданылады.

said сөзі «айтылған, делінген сөз, мәтін т.б.» және энантиосемиялық мағынада unsaid «айтылмаған, қозғалмаған сөз» деп қолданылады.

Эмоционалды-бағалауыштық энантионимдер араб тілінде де өте көп кездеседі. Сарийм- сөзі «түн» және «күндіз» дегенді білдіреді. Бәшшәра-сөзінің негізгі мағынасы «сүйіншілеу, қуанышты хабарды жеткізу» дегенді білдіреді. Ал мәтін ішінде езге мағынаға ие болуы мүмкін: («...соларды күйзелтуші азаппен сүйіншіле» (ҚКА, 3/21). Бұл аяттағы «сүйіншіле» сөзі энантиосемиялық мағынада қолданылған. Себебі, тек жақсы, жағымды хабарға байланысты сүйінші сұрауға болады, ал жамандық немесе суық хабарға байланысты сүйіншіленбейді.

Мәсуба- сөзі «жақсылық, сауап» және энантиосемиялық мағынада «жаза» деп қолданылады. «(Оларға) айт: "Сендерге Алланың қасында жаза тұрғысынан бұдан да жаманын хабарлайын ба? "...» (ҚКА, 5/60). Осы аятта «сауап» мағынасындағы бұл сөзі энантиосемиялық мағынада «жаза» ретінде қолданылып тұр.

Қазақ тіліндегі батыр сөзі өзара қарама-қарсы «батыр» және «қорқақ» мағыналада жұмсалады. Бір батырға мың қорқақ шақ келмейді (Мақал). Келтірілген деректе батыр сөзі «батыр» деген тура мағынасында қолданылса, келесі өлең жолдарынан аталған сөздің энантиосемиялық мағынада жұмсалғаны анық байқалады: Мұндай ма едің ана күн,

Мұның қалай, батыр-ау?! (Абай).

Шебер сөзі кейде мысқылдау арқылы өзіне қарама-қарсы «олақ» деген мағынада қолданылып, энантиосемиялық мағына құрайды. Толыбай ағашқа да, темірге де елден асқан шебер (Ә. Әбішев). Шеменсіген жамандар, Шеберсініп бүлдірер (Ж. Базарбеков). Бұл мысалдардың біріншісінде шебер сөзі «өз ісін жақсы меңгерген, қолынан неше түрлі іс келетін» деген мағынада жұмсалған. Ал екінші сөйлемде «шебер емес, олақ» деген мағынада қолданылған.

Құнсыз сөзінің де «қымбат» және «арзан» деген энантиосемиялық мағыналарда жұмсалуды төмендегі деректерден байқалады. Ананың сәбиі үшін түн ұйқысын төрт бөлген қызметі әр мұсылман баласына құнсыз еңбек екені айдан анық (Ж. Базарбеков). Әке-шешесі үшін құрбандыққа атап, Дәмеш сияқты қыздар құнсыз бәске сатылып жатыр. Әй, аштық-ай, әй, аштық, қылдың-ау! (М.Ә.). Аталған деректердің біріншісінде құнсыз сөзі «баға жетпес» деген мағынада жұмсалған. Ал екіншісінде «арзан» деген мағынада қолданылған.

Сондай-ақ, жұмыста «ақ» және «қара» мағынада жұмсалатын аппақ сөзі, «ақылды» және «ақымақ» мағыналарда жұмсалатын ақылды сөздерімен қатар сайтан, керемет, әдемі секілді т.б. атау энантионимдер жан-жақты талданды.

Ағылшын тілінде атау энантионимдер көлемі жағынан басқаларына қарағанда көп болып келеді. Бұған біз жинаған деректер дәлел бола алады. (300 сөз). Мен сөзінің ағылшын тілінде «ер кісілер, көпшілік, жамағат» және тап «жеке адам» деген энантиосемиялық мағыналары бар. Аталған сөздің ағылшын тіліндегі негізгі мағынасы «ер адам» дегенді білдіреді. Сөздің қарама-қарсы мағынасы, үлгі етуге жарайтын, топты басқара алатын адамды осылай деп атаған.

To hold етістігінің септеуліктер арқылы энантиосемиялық мағынада қолданылуын төмендегі мысалдардан аңғаруға болады: hold down-қол астында ұстау, hold forth—басыну, hold good-күшінде болу, hold off- кейінге қалдыру, hold on – мықтап ұстау, hold out – берілмеу, hold over – кейінге қалдыру, hold up- тотату, ұстау.

Dig boy бұл атаудың «үлкен адам» және «кішкентай бала» деген мағыналары бар. Есейген, бірақ ақылы таяз адамдарды жасаған қылығы үшін атаған, яғни, бұл сөз ағылшын тілінде жасырын мағына береді. Араб тілінде де атау энантионимдер көлемі жағынан басқаларына қарағанда көп болып келеді. (250 сөз). Әл-уммән- сөзінің араб тілінде «үммет, көпшілік, жамағат» және «жеке адам» деген энантиосемиялық мағыналары бар. Аталған сөздің араб тіліндегі негізгі мағынасы «адамдардың бір тобы» дегенді білдіреді. Қазақ тіліне аударғанда «үммет» деген мағына береді. Сөздің қарама-қарсы мағынасы, үлгі етуге жарайтын, топты басқара алатын адамды әл-уммән- деп атаған. Бұл екі мағына да Құран Кәрімде кездеседі «Адам баласы бір-ақ үммет еді» (ҚКА, 2/213). Бұл аятта әл-уммә- сөзі бірінші мағынасында қолданылса, келесі аятта «Шынында Ыбырайым нағыз Аллаға бой ұсынушы, хаққа бейім бір басшы еді. Аллаға серік қосушылардан емес еді» (ҚКА, 167120).

Бітанан-бұл атаудың энантиосемиялық мағынада қолданылуын әл-Фарра өз еңбегінде келтіреді: «Араб тілінде бітанан- мен зинаран- жасырын мен көрінген, анық бір-бірінің орнына келеді» [5,105].

Жинн- бұл атаудың «жын» және «періште» деген мағыналары бар. Ибн әл-Анбари өз еңбегінде жинн- жын деп адамдардың көзіне көрінбей жасырынатыны үшін аталған, яғни, жын сөзі араб тілінде жасырынды деген мағына береді дейді. Бұл атау Құран Кәрімде бірнеше рет келген, солардан мысалға мына аяттарды келтіруге болады:

«Олар Алла мен періштелер арасында ұрпақтық байланыс ұйғарды, Расында періштелер; олардың Алланың алдында келтірілетінін біледі. (Немесе Алла мен жын арасында жегжаттық ұйғарды)» (ҚКА, 37/158). Осы аятта келген жинн- сөзіне назар

аударсақ, аудармасының өзінен-ақ бұл сөздің энантиосемиялық мағынасының бар екені көрінеді.

Сондай-ақ, араб тіліндегі атау энантионимдерден толы және бос деген мағыналарды аңғартатын әл-мәжур-сөзіне, сау және науқас деген мағыналарды білдіретін әс-сәлийм-сөзіне және т.б. энантионимдер жан-жақты талданды, осы бөлімінде казак және араб тілдеріндегі етістік энантионимдер де талданды.

Тарады сөзі қазақ тілінде түрлі сөздердің семантикасымен байланысып, энантиосемиялық мағынада жұмсалады. Алмас келін түсірді деген хабар ауылға тез тарады. Бұл сөйлемде тарады сөзі «етек алды, жайылды» деген мағынаны берсе, ендігі сөйлемде энантиосемиялық мағынада «жойылды, жоғалды, басылды, сейілді, айықты» деген мағыналарда қолданылған. Жаңбыр тоқтап, күн шыққаннан кейін бұлттар тез тарады.

Сондай-ақ, баю етістігі де «көбею, дүние-мүлкі молаю, дәулеті арту» және «азаю, біту, түгесілу, таусылу» деген қарама-қарсы мағыналарда қатар жұмсалады (ҚӘТС, 2-608). Кәріп пенен Әбжекең, қойлары өсіп байыпты. Қотандары қомақты, Қойын бөлек бағыпты (С. Сейфуллин). Бұл сөйлемде аталған етістік бірінші мағынасында қолданылған. Аталған етістіктің энантиосемиялық мағынада жұмсалуы келесі мысалдан көрінеді. Қымыз байып қалған еді (ҚӘТС, 2-608).

Өгейлеу етістігі «өгейсу, жатырқау» және «сағыну» деген мағыналарды береді. Балам Ордадан келіп еді, шешесін өгейлеп қалыпты (ҚТАС, 544). Мұнда аталған етістік бірінші мағынасында пайдаланылса, мына бір сөйлемде «сағынды» деген мағынада қолданылып энантиосемиялық мағынаға жегілген: Айырылысқан елдің сағынышы оңайға салқындасын ба? Ана баланы, аға ініні, қыз төркінін, жігіт қайнын өгейледі (ҚТАС, 544). Сонымен қатар, «жату» және «тұру» мағыналарын аңғартатын жату етістігі (ҚТАС, 246), «алып келу, алып беру» және «жіберу, жолдау» мағыналарда жұмсалатын келтіру етістігі (ҚТАС, 313), «тапсыру, беру» және «шығару, алу» мағыналардағы құю (ҚТАС, 446) етістіктері сияқты т.б. етістік энантионимдер бар.

Ағылшын тілінде to get етістігінің to get away «табанын жалтырату» және to get along «көңілін табу, орнығу», to get it «көтеру, түсіну», to get hold of «қармау, жібермей ұстау», to get into «ену, кию», to get off «түсу, құтылу, шешу», to get on «отыру, міну, жалғастыру», to get out «түсу, шығару, алып кету» т.б. деген энантиосемиялық мағыналары бар. Ағылшын тілінің түсіндірме сөздігінде оның «алу» және «жету» сондай-ақ, «әкелу» деген мағыналары да көрсетілген. Аталған етістіктің сөздіктегі мағыналарына қарасақ, энантиосемиялық мағынасы айқын көрінеді. Мәселен, «қол жеткізу, жету» деген мағынасы мен «құтылу, табанын жалтырату», сонымен қатар «қармау-жіберу» деген мағыналар арасында өзара қарама-қарсылық байқалады.

To shop етістігі қарама-қарсы «сату» және «сатып алу» мағыналарын білдіреді.

To come етістігі «бару» және «қайту» ұғымдарын қамтиды. Мұндағы етістік «жүру» деген мағынада жұмсалған. Ағылшын тілінің түсіндірме сөздігінде аталған етістіктің біреуді «келді, оралды, қайтты, барды, жүрді» деп көрсетілген. Мұнда, «бару» мен «қайту» бір-біріне қарама-қарсы мағына деп түсіндіріледі.

Араб тілінде әләә- етістігінің - «тырысу, еңбектену, талпыну» және «істемеу, хақысын бермеу», яғни, «толық атқармау» деген энантиосемиялық мағыналары бар. Араб тілінің «әл-Уасит» түсіндірме сөздігінде «тырысу» және «немқұрайлы болу, салғырттық таныту» сондай-ақ, «дұрыс істемеу, ақырын істеу» деген мағыналарында көрсетілген. Аталған етістіктің сөздіктегі мағыналарына қарасақ, энантиосемиялық мағынасы айқын көрінеді: «тырысу, жақсы орындауға атсалысу» деген мағынасы мен «немқұрайлы болу, салғырттық таныту», сонымен қатар «дұрыс істемеу, шала істеу» деген мағыналар арасында өзара қарама-қарсылық байқалады. Бәәба- етістігі қарама-қарсы «сату» және «сатып алу» мағыналарын білдіреді.

Әсәбе- етістігі «сауап беру» және «жаза беру» ұғымдарын қамтиды. «Сонда Алла оларға бұл сөздері себепті астарынан өзендер ағатын, онда мүлде қалатын бақшаларды бағыштады» (ҚҚА, 5/85). Бұл аяттағы әсәбе- сөзі «сауап берді» мағынасында қолданылып

тұр. Басқа бір аятта «Алла... қайғы үстіне қайғыға ұшыратты» (ҚКА, 3/153). Мұнда сөзі «қайғы берді» деген мағынада жұмсалған. Араб тілінің «эл-Уасит» түсіндірме сөздігінде аталған етістіктің біреуді «марапаттады, сыйлады, жазалады» деп көрсетілген. Мұнда, «марапаттау» мен «жазалау» бір-біріне қарама-қарсы мағына деп түсіндіріледі.

Нәтижелер мен талқылау. Қазақ, ағылшын және араб тілдеріндегі лексика-грамматикалық мағына негізінде пайда болатын қосымшалы энантионимдер бар. Мұнда қазақ тілінде септік жалғаулары әсерінен пайда болатын қарама-қарсылық арқылы жасалады. Мысалы, -қа, -ке, -ға, -ге және -дан, -ден, -тан, -тен септік жалғаулары арқылы кейбір етістіктерде қарама-қарсы мағына үстеледі. Айталық, -ке және -тан септік жалғаулары арқылы алу етістігінің энантиосемиялық мағынасы білдіріледі. Ол жаңа жұмысшыларды қызметке алды. «Қазақстан» ұлттық телеарнасының басшысын жұмыстан алды (БАҚ). Бұл мысалдарда алды етістігі екі сөйлемде тұрпаттары бірдей болса да қарама-қарсы мағынада жұмсалып тұр. Аталмыш сипаттағы энантионимдерді талдағанда Б. Сағындықұлы, А.Е. Жүсіпов секілді ғалымдардың ұстанымдарын қолдаймыз. Мұндай қосымшалы энантионимдерді басқа тілдерден де байқаймыз. Мәселен, қырғыз тілінде алу «кызматқа алу -взять на работу» және «кызматтан алу - уволить с работы» деген мағынада қолданылса, татар тілінде де «эштан алу - уволить, освободить (с работы, со службы)» және «эшке алу - взять, принять (на работу, на службу)».

Алыну етістігі де қосымша арқылы энантиосемиялық мағынаға ие. Жылдық көрсеткіштердің барлығы да есепке алынды (Қ.Ә.). Жастары жиырма екіге толмағандары есептен алынды («Арка ажары»). Бұл сөйлемдердегі алынды етістігі «тіркелді, қосылды, санатқа алынды» және «тізімнен алынып тасталды, санаттан шықты» деген қарама-қарсы мағыналарды береді.

Ағылшын тілінде де, кейбір қосымшалардың, септеуліктердің энантиосемиялық мағыналары қалыптасқан. Алайда, олардың барлығын энантионимдер қатарына жатқызу да қиын. Мұндай қосымшаларға төмендегідей ғылыми талдау жасалды: to get етістігінің to get away «табанын жалтырату» және to get along «көңілін табу, орнығу», to get it «көтеру, түсіну», to get hold of «қармау, жібермей ұстау», to get into «ену, кию», to get off «түсу, құтылу, шешу», to get on «отыру, міну, жалғастыру», to get out «түсу, шығару, алып кету» т.б. деген энантиосемиялық мағыналары бар. Ағылшын тілінің түсіндірме сөздігінде оның «алу» және «жету» сондай-ақ, «әкелу» деген мағыналары да көрсетілген. Аталған етістіктің сөздіктегі мағыналарына қарасақ, энантиосемиялық мағынасы айқын көрінеді. Мәселен, «қол жеткізу, жету» деген мағынасы мен «құтылу, табанын жалтырату», сонымен қатар «қармау-жіберу» деген мағыналар арасында өзара қарама-қарсылық септеуліктердің қызметі арқылы орындалып тұрғаны байқалады.

Қорытындылар. Сонымен қатар ағылшын тіліндегі қарсылықты қарама-қарсы мағына беретін -un, -less, -in жұрнақтары арқылы энантиосемиялық мағыналы энантионимдер жасалады: pleasant - unpleasant, sanitary - unsanitary, well-unwell, timely-untimely, Араб тілінде кейбір қосымшалардың энантиосемиялық мағыналарын энантионимдер қатарына жатқызу да қиын.

(-из) және (-изэ) қосымшалары «өткен» және «келер» шақ етістіктерінде қолданылып, энантиосемиялық мағынаны жеткізеді. (-мз) жұрнағы негізінен өткен шақта, ал (-изэ) жұрнағы келер шақта қолданылатыны белгілі. Құран Кәрімнен төмендегі аяттын мысалға келтіріп керейік, Халифа Алтай бұл аятты төмендегіше аударған: «Ол залымдарды, Раббыларының құзырында тұрғызылып, бір-бірлеріне сөз қайтарып тұрғанда бір көрсең...» (ҚКА, 34/31).

Шынында да, осы аяттың аудармасында (-из) қосымшасы өткен шақ мағынасын бермейді, өйткені әлі ешкім Раббысының құзырында тұрғызылған емес, мұның барлығы келер шақта, яғни қиямет күнінде болатын нәрсе.

(ин-) қосымшасы араб тілінде бірнеше мағынаға ие; грамматикалық еңбектерде егер деген көбіне шартты мағынаны білдіреді. Аталған қосымшаның энантиосемиялық мағынасы «болымдылық» пен «болымсыздықты» білдіреді деп түсіндіріледі. Мысалы,

Абдулла тұрды және тұрмады деген мағыналарда жұмсала алады.

(лә-) жалғауының бірінші мағынасы «болымсыздық» ұғымын білдіреді. Екінші мағынасы «растау, құптау, қуаттау, дәлелдеу» дегенді нұсқайды. Аталған жалғаудың энантиосемиялық мағынасына дәлел ретінде төмендегі аяттағы (лә-) жалғауының мағынасы жоғарыда көрсетілген екінші мағынаны аңғартып тұр. Осы аяттың қазақша Құран Кәрімнің аудармаларындағы мағыналарына қарасақ: «із жоқ еткен кент халқының бізге қайтпауы мүмкін емес» (ҚКА, 21/95), яғни, міндетті түрде олар қайтады. Аяттағы (лә-) жалғауының бірінші және екінші мағынасында бір-біріне мүлдем қарама-қарсы энантиосемиялық мағынасы көрінеді. Егер аудармашы бұл құбылысқа мән бермесе, аятты мүлдем теріс аударуы да мүмкін.

Осы орайда оппозициялық семантикаға құрылған қарама-қайшылықты барлық жағынан жеткізе алатын және ағылшын тіліндегі қарама-қарсы бірліктерді номинациялау дәстүрін жалғастыра алатын контрастивтер термині гипероним термин ретінде ұсынылды.

Араб тіл білімінде де аталған тілдік бірліктер терминологияда ортақ эл-аддад терминімен беріліп келді.

Тілдік парадигмадағы құрылымдық ұйымдасуы және таңбалық тұрғыдан берілуінде өзіндік ерекшеліктерге ие антонимдер мен энантионимдердің феномендік белгілерін анықтау нәтижесінде араб тіліндегі антонимдерді эт-тәкабул эд-дәләли, ал энантионимдерді эл-аддад деп атау қажеттілігі дәлелденді.

Қазақ, ағылшын және араб тілдерінің контрастивтерін топтастыру барысында салғастырылатын тілдердің антонимдері Н.С. Трубецкойдың оппозиция әдісі арқылы талданып, олар градуалды, привативті және эквиолентті түрлерге жіктелді.

Ағылшын және араб варианттары мен диалектілерінің аймақтық тұрғыдан кең таралуына және экстралингвистикалық факторлардың әсеріне байланысты қазақ тіліне қарағанда, энантионимдердің көлемі әлдеқайда артық. Үш тілде де эмоционалды-бағалауыштық энантионимдер номинативті энантионимдерге қарағанда өнімділік сипатымен айрықшаланады.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Н.Ә. Назарбаев. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру». Астана, 12 сәуір, 2017 ж. <https://www.akorda.kz/ru>
- 2 Мусин Ж. Қазақ тіліндегі антоним сөздер. - филол. ғыл. канд. дис. Көкшетау, 1970.- 253 б.
- 3 Жумабекова А.Қ. Қазақ тілінің антонимдер сөздігі. Алматы, 2000. 184 б.
- 4 Жүсіпов А.Е. Қазіргі қазақ тіліндегі қарама-қарсылықтың коннекторлары. - филол. ғыл. канд. дис. автореф. Астана, 2004. 29 б.
- 5 Философский словарь под ред. И.Т. Фролова. М., 1991. 560 с.
- 6 Миллер Е.Н. Природа лексической и фразеологической антонимии // Саратов, 1990.223 с.
- 7 Жумабекова А.К. Оппозитивный анализ антонимических единиц казахского и русского языка: дисс. ... док. филол. наук. Алматы, 1995. 161с.
- 8 Мусин Ж. Қазақ тілінің антонимдер сөздігі. Алматы:Мектеп, 1984. 176 б.
- 9 Иванова В.А. Антонимия в системе языка.Кишинев: Штиница, 1982. С. 212.
- 10 Аханов К. Қазақ тіліндегі антонимдер // Пионер, 1955. №11. 20 б.
- 11 Абдығалиева Т. Қазіргі қазақ тіліндегі болымдылық-болымсыздықтың мағынасы мен қызметі. Алматы: Білім, 1996. 160
- 12 АТТС - (Араб тілінің «әл-Уасит» түсіндірме сөздігі).
- 13 АТҚС - (Араб тілінің қысқаша сөздігі). РАС - Русско-арабский словарь.
- 14 ОАР-РАС- Оксфордский англо-русский, русско- английский словарь
- 15 Донбаева А.Б. Даналықтың түбі бір //Ғылыми монография. Алматы, 2003ж.230б.

Аннотация: С обретением нашей страной независимости были предприняты меры по повышению статуса государственного языка. Программа «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» продолжает свою работу, связанной с научным изучением духовных ценностей. В этом контексте казахский язык также рассматривается как ядро духовной модернизации, особое внимание уделяется языковым ценностям. Развитие межкультурной коммуникации суверенной страны обусловлено тем, что язык (тексты) речи нуждается в изучении прикладной лингвистики. Проводятся специальные исследования по проблеме использования контрастивов в межкультурной коммуникации, в том числе в сопоставительном языкознании казахского, русского, английского и арабского языков. Реализуется использование ряда лексических, грамматических единиц и стилистических приемов, экстралингвистических факторов. В статье также рассматриваются художественно-образительные языковые средства на трех уровнях: фонетическом, лексическом и синтаксическом.

Ключевые слова: рухани жаңғыру, контрасты, межкультурное общение, казахский, русский, английский, арабский языки

Abstract: With the independence of our country, measures were taken to improve the status of the state language. The program "Bolashakka bagdar: Rukhani zhangyru" continues its work related to the scientific study of spiritual values. In this context, the Kazakh language is also considered as the core of spiritual modernization, with special attention paid to linguistic values. The development of cross-cultural communication in a sovereign country is due to the fact that the language (texts) of speech needs to be studied in applied linguistics. Special research is being conducted on the use of contrastives in intercultural communication, including comparative linguistics of Kazakh, Russian, English and Arabic. The use of a number of lexical, grammatical units and stylistic techniques, as well as extralinguistic factors, is implemented. The article also examines the artistic and visual language means at three levels: phonetic, lexical and syntactic.

Key words: rukhani zhangyru, contrasts, intercultural communication, Kazakh, Russian, English, Arabic